

Шектеу іс-шараларын тоқтату туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы Май ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 4 желтоқсандағы № 19 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 7 желтоқсанда № 6768 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабы 8) тармақшасына сәйкес , Ақжар ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық – санитариялық инспекторының 2020 жылғы 06 қарашадағы № 07-29/163 ұсынысы негізінде, Май ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы Май ауылы аумағында белгіленген ірі қара мал арасындағы бруцеллез ауруын жою бойынша кешенді ветеринариялық іс-шаралар жүргізілуіне байланысты шектеу іс - шаралары тоқтатылсын.

2. Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы Май ауылдық округі әкімінің " Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 09 шешімінің (2020 жылғы 09 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 5776 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округінің әкімі

Е.Шурманов